



**Азаматтық құқық. Азаматтық процесс / Civil law. Civil process /  
Гражданское право. Гражданский процесс**

XFTAP 10.71.31

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-152-3-121-133>

Ғылыми мақала

**Сотқа дейінгі өндірістегі дауды (жанжалды) реттеу саласында  
медиативтік рәсімдерді қолданудың халықаралық тәжірибесі**

**Е.К. Даурембеков\***<sup>ID</sup>, **Ю.Н. Дрокин**<sup>ID</sup>, **Р.К. Тлеухан**<sup>ID</sup>

<sup>1,2,3</sup> А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

(e-mail: e.daurembekov@mail.ru, drokinjurij@rambler.ru, ramazan@tleukhan.com)

**Андатпа.** Бұл мақалада сотқа дейінгі өндірістегі медиативтік рәсімдерді қолдану жолымен дауды (жанжалды) реттеудің балама тәсілдері қарастырылып, сондай-ақ азаматтық және қылмыстық сот өндірісіндегі тараптар арасындағы жанжал туындаған кезінде осы институтты тәжірибеде қолданудың шетелдік тәжірибесі зерттеледі. Қазіргі жағдайда сот істерінің материалдарын зерттеу судья мен сот жүйесінен жүктемесін төмендету қажеттілігі туралы ойлануға мәжбүр етеді. Ұлыбритания, Германия және Франция ретінде мемлекеттерінде медиативтік рәсімдерді қолдану бойынша халықаралық тәжірибені ескеретін болсақ сотқа дейінгі өндірісінде медиация институтын қолдану тиімділігі бойынша сұрағы таң қалдырады. Қарастырылып жатқан мақалада медиативтік рәсімдерді қолданудың халықаралық тәжірибесі ғана емес, сонымен қатар шетел мемлекеттердегі медиация саласындағы заңнамалық деңгейде дауларды реттелуі зерттелді. Сот өндірісіндегі медиация институтын қолданудың, халықаралық заңнаманы ұлттық заңнамамен жан-жақты салыстырмалы талдауды жүргізу негізінде Қазақстандағы заңнаманың өзі тиімсіздігі мен сот жүйесіндегі іс материалдар бойынша жүктеме көлемінің тұрақтылығы, медиативтік рәсімдерді тәжірибеде аз қолданылуы жайлы айтуға болады.

Зерттеудің негізгі мақсаты сот өндірісіндегі медиативтік рәсімдерді қолданудың халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау жолымен Қазақстандағы жанжалды реттеудің балама тәсілдерді қолдану бойынша тиімді шараларды келтіру болып табылады. Осы зерттеу сотқа дейінгі өндірісіндегі медиация институтын қолданудың тиімділігін арттыруға және ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Эмпирикалық базасы ретінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық мәліметтері, азаматтық және қылмыстық іс материалдары қолданылды.

Бұл мақалада 28 қаңтардың 2011 жылы қабылданған №401- IV «Медиация туралы» ҚР заңы, оған қоса 20 желтоқсанда 2018 жылы қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық татуласу келісімдері туралы» Конвенциясы және шетелдердің ішкі заңнамасы қарастырылады.

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде авторлар сотқа дейінгі өндірісіндегі дауды (жанжалды) реттеу тәсілдерін түсіндіре отырып әртүрлі жолдарын ұсынып, бұл Қазақстандағы сот жүйесіндегі қылмыстық және азаматтық іс материалдарын қозғалыс көлемін азайтуға мүмкіндік беруге және медиативтік рәсімді қолданудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** медиация институты, медиативтік келісім, сот жүйесі, дауды баламалы реттеу, жанжал, азаматтық сот өндірісі, қылмыстық сот өндірісі.

Түсті: 23.06.2025 Мақұлданды: 26.08.2025 Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

## Кіріспе

Мемлекеттің басым міндеттерінің бірі азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады, бұл орайда осы құқықты жүзеге асыра отырып, құқықтары бұзылған адамның сотқа дейінгі өндірісінде бұзылған конституциялық құқықтары және заңды мүдделерді қорғау мен қалпына келтіру тәсілдерін таңдауға мүмкіндігі бар. Осыған байланысты, өзінің таңдауы бойынша бұзылған конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру үшін медиативтік процедураны қолдану істі сот процесіне дейін жеткізбей-ақ дауды (жанжалды) реттеу ұтымды тәсілі болып табылады.

Қазақстандағы мықты сандық азаматтық қоғам құру және дамыту жолында медиация институтын дамыту сотқа дейінгі өндірісінде туындаған жанжалды (уақыт пен қаржылық ресурстарды үнемдеуге) реттеуге және превенция рәсімін арттыру үшін өзекті мәселеге жатқызылады.

Қазіргі уақытта қарастырылатын азаматтық және қылмыстық істер саны айтарлықтай өсуде және сот жүйесі істермен физикалық тұрғыдан шамадан тыс жүктелген, бірақ кейбір жағдайда тараптар арасында дауды (жанжалды) шешудің баламалы шараларын қолдана отырып, істі сотқа дейін жеткізбеуге де болатын еді. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес бірінші сатыдағы соттармен қылмыстық істердің ауқымды саны қарастырылған еді, мысалы, 2021 жылда – 24783, оның 3316 онша ауыр емес қылмыстар, 7835 – ауырлығы орташа, 13632 – ауыр қылмыстары, 2022 жылы – 24095, оның 3029 – онша ауыр емес қылмыстар, 7287 – ауырлығы орташа қылмыстары, 13779 – ауыр қылмыстары, ал 2023 жылы – 25065, оның 3812 онша ауыр емес қылмыстар, 7853 – ауырлығы орташа қылмыстар, 13400 – ауыр қылмыстар, сонымен қатар 2024 жылы – 25043, оның 4311 – онша ауыр емес қылмыстар, 7718 – ауырлығы орташа қылмыстар, 13014 – ауыр қылмыстары, бұл аса ауыр қылмыстарды есепке алынбай істер қарастырылған болатын. Қазақстан бойынша соңғы 4 жылда медиация жолымен қылмыстық істерді қарастырудың статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, бұл орайда медиатордың қатысуымен 2021 жылы – 877 іс, 2022 жылы – 590 іс, 2023 жылы – 400 іс, ал 2025 жылы – 347 істер қатысуымен қарастырылады.

Оған қоса, азаматтық істер бойынша бірінші инстанциядағы соттармен 2021 жылы – 244812 іс (1028 істер медиация жолымен шешілді), 2022 жылы 245884 іс (1733 іс медиация жолымен шешілді), 2023 жылы – 305551 іс (4317 іс медиация жолымен шешілді), 2024 жылы 360413 іс (30441 іс медиация жолымен қарастырылып шешілді) [1]. Азаматтық істер бойынша жүргізілген статистикалық талдау нәтижесінде сотқа дейінгі өндірісінде медиативтік келісімдерді қолданудың саны төмен екендігін айтуға болады.

Статистикалық мәліметтерден келе сотқа дейінгі процесте медиативтік келісімді қолданудың деңгейін төмендігі келесідей бірнеше факторлармен тығыз байланысты: көптеген адамдардың құқықтық сауаттылығының төмен деңгейі мен медиацияны қолдану мүмкіндігі жайлы білмеуі не оған сенбеуі; бірінші кезеңде тараптардың құқықтық көмекке бірден адвокаттарға жолығуы; медиативтік келісімнен бас тарту мүмкіндігі болуына байланысты медиаторға сенімсіздік білдіруі; 2011 жылғы қабылданған «Медиация туралы» заңына 14 жыл бойы өзгертулер мен толықтырулар

енгізілген болатын, бұл көптеген сұрақтарды қамтымауына байланысты деген ойларды келтіруге болады [2].

Мақаланың зерттеу мақсаты болып шетелдерде және Қазақстанда сотқа дейінгі өндірісте қалыптасатын даулар (жанжалдар) бойынша медиацияны қолдану процесін салыстырмалы талдау болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қалыптасқан, бұл медиация саласында реттейтін қатынастардың статистикалық мәліметтері мен әрекеттегі құқықтық актілерді зерттеу, Германия, Ұлыбритания мен Франция ретінде елдерінде медиативтік рәсімдерді қолданудың халықаралық тәжірибені зерттеу болып табылады.

2021 жылы 15 қазандағы №674 «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес 5 бөлімде дауларды реттеудің баламалы тәсілдерді дамыту ретінде еліміздегі құқықтық жүйесін жетілдірудің маңызды векторы ретінде табылады, оған қоса құқыққолдану тәжірибесінде төрелікті және де медиацияны құқықтық реттеуде көптеген кемшіліктерді келтіріп, осыған сәйкес халықаралық тәжірибені ескере отырып, бұл институтты ары қарай дамытуға қажет екендігі айтылған екен [3]. Халықаралық деңгейде атап өтетіндей, 2019 жылы 2 тамызда №85 ҚР Президентінің Жарлығымен келісілген «Біріккен Ұлттар Ұйымының медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық татуласу келісімдері туралы» медиация жайлы Сингапурдың конвенциясын атап өтуге болады.

Қазіргі уақытта халықаралық деңгейде сот процессіне дейін дауды жеткізбеуге, оны медиативтік рәсімдерді қолдану арқылы реттеу өзекті болып табылуда. Еуропаның дамыған көптеген елдерінде медиативтік рәсімдерді қолдану кеңінен таралған еді. Медиация институты тек мемлекеттің ішінде жеке не заңды тұлғалар арасында туындаған даулы сұрақтарды шешу үшін ғана емес, сонымен бірге елдер арасында әлеуметтік-саяси және экономикалық саладағы қызметте туындаған жанжалдарды шешу үшін мемлекетаралық деңгейде де кеңінен қолданылады екен. Халықаралық құқықта медиативтік рәсімдерді қолданудың мүмкіндігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Статуттың 33 бабында Дауларды бейбітшілік жолмен шешудің VI Тарауының ережесімен қарастырылып, егер де «бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға қауіп төнетін кез-келген дауға қатысатын тараптар, ең алдымен дауды келіссөздермен, зерттеумен, делдалдықпен, татуласумен, төрелікпен, сот талқылауымен, аймақтық органдарға немесе өзінің қалауы бойынша келісімдерге немесе бейбіт құралдар жолымен дауды реттеуге тырысуы қажет» [4].

Көптеген жағдайда медиация институты тек елімізде ғана емес, сонымен бірге ТМД елдері арасында бірнеше себептерге байланысты дамымай қалуда, ең біріншіден, медиация саласында құқықтық базаның толықтай дамымай қалуы, яғни ол қоғам өміріндегі ғылым мен техника прогресінің дамуы мен қазіргі талаптарынан қалып қоюы; екіншіден, медиация институты қалыптасқан дәстүр мен қоғамның менталитеті, саяси режиміне байланысты сұраныстың төмен болуынан; үшіншіден, белгілі бір мемлекеттің қоғамның құқықтық мәдениетіне, ақпаратты айтарлықтай бүкіл қоғамға жеткізбеуіне байланысты медиация институты болуы туралы білмей қалуы; төртіншіден, екі тараптың мүддесін ескере отырып, жанжалды реттеуге және сенімді қарым-қатынасты орнатуға мүмкіндігі бар қоғамда тәжірибелі жоғары кәсіби медиаторлардың аз

болуы; бесіншіден, медиациялық келісімдер адвокаттық қызмет үшін бәсекелестікті келтіруде, өйткені, бастапқы кезеңде адвокаттар өздерінің клиенттерін жоғалтады; алтыншыдан, медиация институтын дамытуға бағытталған мемлекеттік стратегиялық бағдарламалардың болмауы және де мемлекет тарапынан қаржылық қолдауды көрсетпеуі басты себептердің бірі болып табылады.

### **Зерттеу әдістері**

Сотқа дейінгі өндірісінде дауды (жанжалды) реттеу саласында медиативтік рәсімдерді қолданудың халықаралық тәжірибені зерттеу кезінде, оған қоса қойылған мақсатқа және міндеттерге жету үшін талдау, синтез, дедукция, индукция, салыстырмалы-құқықтық талдау, статистикалық әдіс, аксиоматикалық, формальды-логикалық және басқа да әдістері қолданылды. Осы ғылыми әдістер медиация институтын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстарды келтіруге және де зерттеліп жатқан тақырыпты объективті және жан-жақты талдап ашуға мүмкіндік берді.

### **Талқылау мен нәтижелер**

Халықаралық құқықта медиация институтының түсінігі көптеген халықаралық актілерімен қарастырылады, мысалы, 2018 жылы 20 желтоқсанда қабылданған Бас Ассамблеяның резолюциясы «Біріккен Ұлттар Ұйымының медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық татуласу келісімдері туралы конвенциясы», оған қоса тағы да қабылданған «Медиация туралы Сингапурдың конвенциясы» медиативтік рәсімдерді қолдану жолымен мемлекет тараптары арасында туындаған дауды бейбіт жолымен шешуді қарастырады. Оның ішінде «Анықтамалар» 2 бабының 3 бөліміне сәйкес «Медиация» бұл дауды шешуге тараптарға бұйыруға өкілеттілігі жоқ, тұлғалар («медиатор») немесе үшінші тұлғаның араласу кезінде тараптар өзінің туындаған дауды татуласуға талпыныс жасауы, ... рәсімді білдіреді. Осы жағдайда тараптар арасында жанжал туындаған кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы депозитарий болып тағайындалады [5].

Егер де жеке құқық тарапынан Қазақстан мемлекеті ішінде қарастыратын болсақ, ұлттық заңнама деңгейінде медиация түсінігі «Медиация туралы» ҚР Заңының 1 бабының 5) тармағында медиация – тараптардың еркін келісімі бойынша жүзеге асырылатын қолжетімді шешімге келу мақсатында медиатордың (медиаторлардың) өзара әрекеттесу кезінде тараптар арасында дауды (жанжалды) реттеу рәсімі болады» [2]. Бұл дауды (жанжалды) реттеу рәсімі Қазақстан Республикасының азаматтық және қылмыстық заңнамасында аталған құқыққа қарсы әрекеттерді жасау кезінде немесе келісім-шарттардағы талаптарды сақтамаған нәтижесінде материалдық және моральдық зардаптың орнын толтыру кезінде болуы негізінен азаматтар немесе заңды тұлғалар арасында қарастырылатын дауды (жанжалды) реттеу рәсімі болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, медиация дефинициясы бұл оның негізгі мәні болып екі тараптың талаптарын қанағаттандыра отырып, келісімге қол жеткізу нәтижесінде және бейбіт жолмен дауды шешу рәсімі болады. Егер де медиация институтының пайда болуы мен ары қарай дамуының тарихы туралы айтатын болсақ, онда оның

генезисі алғашқы қауымдастықтан, яғни ақсақалдар туындаған дауды әділетті және қайта қараусыз шешуге, ақылды жолмен келісімге келген еді. Ежелгі Римде медиация келісімнің «Transactio» нақты нысанына айналған болатын, бұл ақшаға немесе басқа мүддеге айырбастаумен талаптан бас тартып немесе тең деңгейде екі мүддесін жартылай қанағаттандыруға кепілдік беретін [6].

Бүкіл дүниежүзінде медиацияның пайда болу процессі халық арасында дауды реттеуде өзінің көне тарихы мен мол тәжірибесі бар. Тіпті ежелгі Қытайда Конфуций азаматтарды сотқа барудың орнына медиацияны қолдануға шақырған еді. Ол тараптарға келісімге келуге көмектесетін, бітімгердің қатысуымен кездесуге ұсынған еді. [7].

Ал дәстүрлі қазақ мәдениетінде болса қазақтар барлық өздерінің үйіндегі және де неке кезінде туындаған дауларды, реніштерді, ұрыс-керістер мен басқа да жанжалдарды билер соты мен ақсақалдар кеңесі арқылы шешкен еді. Әрбір би және ақсақал істі шешкен кезінде дауласушы тараптарға толықтай әділдікті танытуға өзінің қасиетті борышы санаған еді. Билермен шығарылатын шешімдері мен үкімдері халықпен мақұлданып, бағасын беруі керек еді. Халықтың келісімі би шешімін орындаудың кепілі ретінде саналды [8].

Медиация қазіргі түсінігіміз бойынша XX ғасырдың екінші жарты жылдығында дамып, ең алдымен, англосаксондық құқық елдерінде – АҚШ, Австралия, Ұлыбритания, кейіннен Еуропада кеңінен тарала бастады – Францияда, Бельгияда, Нидерландта, Германияда, Австрияда, Италияда, Швейцарияда. Медиацияны қолдана отырып, оның кейбір жағдайларда осы әдісінің мүмкіндіктері сот өндірісінен де асып түсетіні белгілі болды. Бүгінгі күнде Еуропада медиация азаматтардың сот әділдігіне қол жеткізуін қамтамасыз етіп, жетілген азаматтық қоғамның маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл орайда, соттар істі қарастырудың алдында тараптарға медиацияға жолығуды жиі ұсынады. Мысалы, Ұлыбританияда жұптар ажырасқан кезінде міндетті түрде даулы жерлерді медиацияны қолданумен шешу ретінде тәртіпті енгізуі, бұл тараптардың шығындарын 5 есе азайтқан болатын. Жалпы алғанда татуласу рәсімдерді қолданумен статистикаға сәйкес Ұлыбританияда – 87 %, Германияда – 60 %, Словенияда – 40 % даулар реттеледі екен. Осындай тәжірибені біздің соттар мен құқыққорғау органдарының жұмысына енгізуі, Қазақстан Республикасында медиация институтын дамуына мүмкіндік беретін еді. [9].

2019 жылы 2 тамызда №85 ҚР Президентінің «Біріккен Ұлттар Ұйымының медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық татуласу келісімдері туралы конвенциясына қол қою туралы» Жарлығы шыққан еді, бұл тараптар арасында татуласу рәсімдерін қарастырады. Бұл Конвенция Сингапурда 46 мүше ұйымдармен, АҚШ және Қытайды қоса алғанда қол қойылған еді [10].

Халықаралық тәжірибені тиімді жағынан талдай келе, азаматтық сот өндірісіндегі туындайтын дауларды реттеу саласында Голландияда атқару өндірісі кезеңінде тараптар арасында медиацияны қолдануда қажеттілік байқалады. Мысалы, ажырасу процессі кезінде балаларды тәрбиелеуге қатысты сұрақтар шешіледі [11].

Ұлыбритания үкіметі ажырасып жатқан жұптарға сотқа жүгінудің орнына, «медиациямен міндетті танысуы» ережесімен танысып өтуді ұсынады. Жаңа ережелер бойынша ажырасуды ұсынған жұбайы, сотқа жолықпай жанжалды реттеуге көмектесетін кәсіби делдалға міндетті түрде алдын ала жүгінуі қажет. Ал егер де ерлі-зайыптылар сот өндірісін өткізуді сұрайтын болса, онда олар сотқа жолыққанға дейін өзінің дауын

реттеуге талпыныс жасағандығын, дәлелдемені ұсынуға міндетті. Осындай шараларды енгізудің қажеттілігін дәлелдеу үшін үкімет статистикалық мәліметтерді келтірген, осыдан сотқа дейінгі жанжалды реттеуге 110 күн және 535 фунттай кетеді, ал сотта – 435 күн және 2823 фунттай жұмсалады екен [12].

Американдық соттар тәжірибесінде медиация көмегімен шешілетін істер санының тұрақты өсуі байқалады екен. АҚШ-та сотта тараптар келетін келісімді бекіту әдеттегідей емес. Егер де тараптар арасында жасалған келісім орындалмайтын болса, осындай кезеңде кез-келген келісім-шартты орындау кезінде талап-арызбен сотқа жүгінуге мүмкіндігі бар [13].

Францияның құқықтық жүйесінде дауды реттеудің баламалы тәсілдері ішінде медиацияның айтарлықтай ұзақ тарихы бар. Еуропа елдері ішінде Франция медиация туралы заңнаманы қалыптастырып қабылдаған еді. 2016 жылы заңнамада ауқымды өзгерістер кезінде медиация саласында маңызды болып «21 ғасырдағы әділсотты модернизациялау туралы» заңы қабылданған еді. Мемлекеттік органдармен кейбір даулары бойынша сотқа дейінгі міндетті медиация қарастырылған, мысалы, мемлекеттік жұмыс беруші мен жұмысшы-мүгедекпен даулары жатады. Францияда мемлекеттік делдалдардың екі түрі бар – Республика медиаторы мен Экономика, қаржы және өндіріс министрлігінің медиаторы. Республика медиаторы мемлекеттік органдары өзінің кез-келген функцияларын жүзеге асыру шегінде *relations avec une administration ou un service public* - азаматтар, азаматтар тобы мен ұйымдардың өтініштері мен шағымдарын қарастырады. Оларға ұйымдар, ассоциациялар мен басқа да азаматтардың бірлестіктері жолыға алады. Республика медиаторының шешімі міндетті сипатта болмайды, бұл мемлекеттік органға жіберілген ұсыныс сипатта болады. Республика медиатордың қызметі өтініш берушілер үшін тегін болып табылады.

Экономика, қаржы және өндіріс министрлігінің медиаторы сол министрлік пен оған ведомстволық бағынышты органдары мен мекемелер, оған қоса салық органы арасында туындаған арнайы делдалы болады. Жалпы ол Республика медиаторының қызметімен ұқсас болғанымен кейбір айырмашылықтары бар, атап өтетін болсақ бұл:

- Экономика, қаржы және өндіріс министрлігінің медиаторы тек қана жеке шағымдарды қарастырып, ұжымдық өтініштерді қарастырмайды;
- оған жоғары инстанциядағы органның шешімінен кейінгі шағымды беруге болады, яғни шағымды берудің барлық әкімшілік әдістері қамтылуы тиіс;
- егер де медиатордың ұсыныстарын алғаннан кейін мемлекеттік орган өз шешімін өзгертпесе, медиатор ары қарай келіспеушілікті реттеу үшін Экономика және қаржы министріне жолыға алады [14]. Шынында да медиацияны Франция елінде екі түрге бөліп, оны тек қана азаматтар мен заңды тұлғалар арасында ғана туындаған дауларды (жанжалды) реттемей, сонымен бірге мемлекет пен қоғамдағы ерекше қажеттілігі бар азаматтар арасында құқықбұзушылықтарды реттеуде аса маңызды болып табылады.

Басқа да қарастырылып жатқан елдер ішінен, бұл 2012 жылы 21 шілде айында Германияда “*Mediationsgesetz*” медиация туралы заңын айтуға болады. Бұл медиация туралы заңы дауларды реттеудің баламалы тәсілі ретінде медиацияны жеке модельді бекітетін ережелердің мазмұны бойынша жиынтықта 9 параграфтарды қамтиды.

Германияда медиация туралы заңының 1 параграфтың 2 тармағына сәйкес медиатор тараптар үшін міндетті шешімді қабылдауға өкілеттілігі жоқ, бейтарапты, тәуелсіз

тұлға ретінде анықталады. Заң медиаторға міндетті біліктілік талаптары қойылмайды. Медиация туралы заңының 4 параграфта медиатор бұл медиацияны жүргізу үшін қажетті біліммен және біліктілігімен иеленуі міндетті, оған коммуникативті дағды, құқықтану, конфликтология саласында білімі, медиация рәсімі кезеңінде сот және басқа да юрисдикциялық органдарымен қарым-қатынасы жатады. Германияның медиация туралы заңының ерекшелігі бұл медиацияны енгізу мен жүргізу нәтижелері, азаматтардың арнайы санаты үшін медиацияны мемлекеттік қаржыландыру нәтижелерін ғылыми зерттеуді жүргізуі мүмкіндіктері туралы есепті ГФР Үкіметінің ұсынуы қажеттілігі туралы ережелердің бекітілуінде табылады [15]. Біз көріп отырғанымыздай, Германияда медиация рәсіміне мемлекет тарапынан қаражат бөлініп, арнайы санаттағы азаматтарға көмек ретінде жұмсалуда. ГФР Үкіметі медиацияның жүргізілуі рәсімін реттеп, оған мониторинг ретінде бақылау жасайды. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан медиаторлардың білімі мен біліктілігіне қатаң талап қойылады екен, оларды сертификаттау мәселесіне де көп көңілді бөлінеді.

Бүгінде Германияда соттық және соттан тыс (жеке) медиация түрлері бар. Алайда «Медиация туралы» заңға сәйкес, судьялардың медиация әдістері мен рәсімдерін қолдану қызметі медиация болып саналмайды. Егер медиацияны судьялар жүргізсе, тараптар оның қызметі үшін ақы төлемейді, себебі бұл сот шығындарына кіреді. Сонымен қатар, Германияда соттық медиациямен қатар жеке медиация да жақсы дамыған. Алайда мұндай ұйымдар тек медиациямен ғана айналыспайды — олар көбінесе белгілі бір қауымдастықтардың құрамында жұмыс істейді (мысалы, Халықаралық сауда палатасының ИСС ұйымы аясында) [16].

Ресей ғалымы азаматтық заңнама саласында медиация институтын қолдануды зерттей отырып, Н.Л. Хвалыгина тараптар арасында медиативтік келісімді жасасуға ынталандыруды ұсынады. Атап айтқанда, татуласу келісімі жасалған жағдайда мемлекеттік баждың 50 % қайтаруды көздейтін заңнамаға өзгерістерді енгізу қажет [17]. Осындай жеңілдіктерді азаматтық істер бойынша тараптарға мүмкіндік беру медиацияны қолдану санының артуына септігін тигізеді екен. Әсіресе, бұл заңды тұлғалар арасында талаптарды орындамау даудың сомасы бірнеше миллионнан асып кеткен жағдайда, мемлекеттік бажға жұмсалатын қаражаттың елу пайызын қайтару, тараптар үшін татуласуға стимул ретінде қарастыруға болады.

Жоғарыда жүргізілген зерттеудің нәтижесінде келесідей сұрақ туындайды, неліктен шетелдерде медиация институты тиімді жұмыс жасайды? Біздің ойымызша, осы сұрақтың жауабы процессуалдық мен барлық қаржылық шығындарда жатыр екен. Дегенмен, Еуропа елдерінде адвокаттың құқықтық көмегі, оған қоса әртүрлі сот сараптамаларды жүргізу өте қымбат тұрады. Сонымен қатар, барлық халықтың құқықтық санасы мен мәдениетін ескере отырып, барлық процестің бастапқы кезеңінде жанжалдарды реттеуге мүмкіндік береді. «Медиация туралы» ҚР Заңы бұл жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен туындайтын азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да құқықтық қатынастарда, оған қоса Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше белгіленбесе, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстары туралы істер бойынша қылмыстық сот өндірісі кезінде қарастырылатын және де атқару өндірісін орындау кезінде туындайтын қарым-қатынастарды реттейді [2]. Осындай заңының жан-жақтылығынан (гибриттілігінен) келе, азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық қатынастардың араласуы байқалады. Біздің ойымызша, азаматтық және

қылмыстық заңнама арасында процессуалдық айырмашылықты ескере отырып, қылмыстық-процессуалдық сала қызметінде туындайтын қарым-қатынастарды реттейтін заңды қарастыру қажет. Оған қоса, кәсіби медиаторларды арнайы оқытып, тек заң саласындағы білімімен қоса психологиялық білімі болуы тиіс деп ойлаймыз. Өйткені, тараптар арасында келісімге жету үшін тек жақсы заңгер ғана емес, сонымен бірге білікті психолог маман болуы абзал, бұл дауды реттеу кезінде жағымды атмосфера қалыптастырады.

### **Қорытынды**

Сотқа дейінгі өндірістегі дауды (жанжалды) реттеу саласында медиативтік рәсімдерді қолданудың халықаралық тәжірибесін зерттей келе, оның өзектілігі мен маңыздылығын атап, қоғам мен мемлекетке тигізетін пайдасы жағынан ерекше болып табылады. Шетелдермен Қазақстанды медиацияны өндірісте қолданудың саны жағынан, не оның азаматтық немесе қылмыстық істері бойынша таралуы жағынан салыстыра келе, елімізде медиацияны қолданудың деңгейін көтеруіміз қажет. Бұл ретте мемлекет тарапынан медиацияны дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған стратегиялық бағдарламаны енгізіп, оған жұмсалатын мемлекеттік бюджеттен қаражатты бөлуіміз қажет деп есептейміз.

Жоғарыда жүргізілген зерттеудің нәтижесінде, халықаралық деңгейде медиацияны қолдану бойынша дамыған елдердің ішінде Ұлыбритания, Франция және Германия сияқты мемлекеттердің құқықтық жағынан тарихи дамуы мен заңнамалық тұрғыдан жетілуін ерекше атап өту қажет. Осыдан келе, шетелдердің тәжірибесін ескере отырып, еліміздегі медиация туралы заңына және де стратегиялық маңызы бар тетіктеріне келесідей өзгерістер мен толықтыруларды енгізуіміз қажет: біріншіден, Ұлыбритания елінің тәжірибесін ескере отырып, ажырасып жатқан жұптарға ең бірінші кезеңде сотқа дейінгі өндірісте кәсіби медиаторға жолдап дауды реттеу арқылы көптеген сұрақтарды шешуге болады; екіншіден, Франция еліндегі сияқты кәсіби медиаторларды мемлекет пен мүгедек азаматтар арасындағы туындаған даулы мәселелерді реттеу қажет, әсіресе, бұл әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық сұрақтар туындаған кезінде превенциялық жүйе ретінде қолдану; үшіншіден, Германия еліндегідей кәсіби медиаторлардың білімі мен біліктілігін көтеру қажет, бұл ретте медиатордың психологиялық және заң саласындағы білімі мен тәжірибелік біліктілігі маңызды болып табылады; төртіншіден, кәсіби медиаторлардың әділет органдарында емтихан тапсыруы, оларға медиаторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия бере отырып, арнайы реестрге енгізу арқылы деңгейді көтеруге болады. Мемлекеттік қызметті жүзеге асырып жатқан азаматтар, сонымен қатар кейбір мемлекеттік сұрақтар немесе тапсырыс бойынша тендерге қатысып отырған заңды тұлғалар арасында дау (жанжал) туындаған ретте медиатор арқылы реттеу медиация институтын дамытудың маңызды қадамы болып табылатыны ескеруіміз қажет.

Қорытындылай келе, еліміздегі медиация институтын әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салада дамытып жетілдіруіміз қажет. Сонымен қатар, медиация тек қоғам ішінде ғана емес, мемлекеттер арасындағы дауларда, әсіресе еңбек және де сауда-саттық қарым-қатынастары кезінде кеңінен қолданылуы тиіс. Осымен бірге, мемлекеттер арасындағы дауды реттейтін халықаралық медиация институтын жетілдіру маңызды, бұл ретте халықаралық кәсіби медиаторды енгізуіміз қажет екен. Біздің ойымызша

жоғарыда келтірілген ойлар мен ұсыныстар азаматтық және қылмыстық сот өндірісінде тараптар арасында медиативтік келісімді қолданудың тиімділігін және тәжірибелік мақсаттылығын арттырады деп сенеміз.

### **Авторлардың қосқан үлесі.**

Ғылыми мақаланы жазу барысында авторлар үлесі ортақ болып табылады.

Ғылыми мақаланы авторлар жариялау барысында бірлесе отырып жүргізілген зерттеу, талқылаудан өткізді.

Мақаланы жазу кезінде авторлардың қосқан үлестері бойынша келесі тұрғыда нақтыланады:

**Даурембеков Е.К.** – зерттеу жұмыстың нақты нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті ақпараттық материалдарды жинауға, шетелдердің және отандық заңнамалық актілер мен медиация институтын қолдану тәжірибесіне ғылыми талдау жасады.

**Дрокин Ю.Н.** – ғылыми мақаланың нәтижелеріне жеке ойын келтіріп, талдау жасап, оның өзектілігін арттыру бойынша ұсыныстарды келтірді.

**Тлеухан Р.К.** – зерттеудің ғылыми әдістерін талдап, шетелдердің заңнамасына және тәжірибесіне жеке ойын келтіріп, қажетті ақпараттарға талдау жасау арқылы өз үлесін қосты.

Авторлар ғылыми мақалада барлық қолданылған ақпараттың дұрыстығы мен шынайылығына ортақ жауапты болады.

Ғылыми мақала А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының жеке есебінен қаржыландырытын 0125РКИ0027 «Медиативтік рәсімдердің көмегімен сотқа дейінгі өндірісіндегі дауларды (жанжалдарды) реттеудің баламалы тәсілдерін қолдану мен дамыту келешегі» жобасын іске асыру мақсатында дайындалды.

### **Әдебиеттердің тізімі**

1. Отчет комитета правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан// <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators/criminal>. (дата обращения: 01.05.2025)

2. Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 401-IV «О медиации» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.01.2025 г.// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30927376&pos=54;71#pos=54;71](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30927376&pos=54;71#pos=54;71). (дата обращения: 01.05.2025)

3. 2021 жылы 15 қазандағы №674 «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы /<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>. (өтініш берген күні: 13.05.2025)

4. Отчет взаимной оценки по ПОД/ФТ - 2023/ <https://eurasiangroup.org/ru/mutual-evaluation-reports>. (дата обращения: 01.05.2025)

5. Конвенция Организации Объединенных Наций о международных мировых соглашениях, достигнутых в результате медиации от 20.12.2018г. // chrome-extension://efaidnbmnnnibpcajpcglclefindmkaj/<https://www.acerislaw.com/wp-content/uploads/2020/12/2018-Singapore-Convention-on-Mediation-Russian.pdf>. (дата обращения: 01.05.2025)

6. Михель Д.Е. История развития способов альтернативного разрешения споров в Европе // Актуальные проблемы современной юридической науки и практики : материалы Междунар. науч.-практ. конф. 25–26 мая 2012 г. Ростов н/Д., 2012. С. 11–15.

7. Архипкина А.С. Институт медиации в современном праве // Сибирский юридический вестник. – 2011. - №1. – 167.
8. Kalshabaeva M.Zh., Sartayev S.A., Tauykelov N.B.. A biy's court and a council of elders as a historical prerequisite for mediation in Kazakhstan // BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. Vol. 148 No. 3 (2024) <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/view/290/210>.
9. Тлеухан Р. «Некоторые вопросы развития медиации в Казахстане»: Учебное пособие. РТлеухан. – Караганда: ТОО «Типография Арко», 2016. -150 стр.
10. 2019 год 02 августа №85 Указ Президента РК «О подписании Конвенции Организации Объединенных Наций о международных мировых соглашениях, достигнутых в результате медиации» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1900000085>. (дата обращения: 01.05.2025)
11. Van den Oever V. Linksom of rechtsom: de gerechtsdeurwaarder als mediator // Gerechtsdeurwaarder, 2010. № 2. Р. 9. URL: [http://www.public-i-writers.nl/uploads/Gerechtsdeurwaarder\\_nr2\\_2eproef.pdf](http://www.public-i-writers.nl/uploads/Gerechtsdeurwaarder_nr2_2eproef.pdf)
12. Сивак Н. Упрощенное производство в английском гражданском процессе // Арбитражный и гражданский процесс. – 2008. -№8
13. Худойкина Т.В., Брыжинский А.А. Проблемы и перспективы развития медиации // Правовая политика и жизнь, 2011. № 3. С. 109 – 115
14. Франция. Современное состояние медиации и коммуникативные традиции в ходе переговоров // <https://www.solismediation.rutpostuue16ckux1-frantsiya-sovremennoe-sostoyanie-mediats>
15. Mediationsgesetz vom 21. Juli 2012. BGBl. I. S. 1577
16. Kalshabaeva M.Zh., Sartayev S.A., Abdykadyr U. Features of the development of mediation in the Republic of Kazakhstan: a comparative legal analysis //BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Law Series. No 3(144)/2023. <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/view/77/108>
17. Хвалыгина Н.Л. Применение института медиации в сфере гражданской юрисдикции в России. 2014. №1. С.108-111.

**Е.К. Даурембеков, Ю.Н. Дрокин, Р.К. Тлеухан**

<sup>1,2,3</sup>*Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова.*

*(e.daurembekov@mail.ru, drokinjurij@rambler.ru, ramazan@tleukhan.com)*

### **Международный опыт применения медиативных процедур в сфере урегулирования споров (конфликта) в досудебном производстве**

**Аннотация:** В статье рассматриваются альтернативные способы урегулирования спора (конфликта) путем применения медиативных процедур в досудебном производстве, а также изучен опыт зарубежных стран практического применения данного института при возникновении конфликта между сторонами в гражданском и уголовном судопроизводстве. Изучение текущего состояния материалов судебных дел всячески заставляет задуматься о необходимости снижения нагрузки с судьей и судебной системы в целом. Учитывая международный опыт по применению медиативных процедур таких стран как Великобритания, Германия и Италия удивляет вопрос об эффективности применения института медиации в досудебном производстве. В рассматриваемой статье изучен не только международный практический опыт применения медиативных процедур, но и урегулирования споров на законодательном уровне в сфере медиации зарубежных стран. На основании проведенного

всестороннего сравнительного анализа национального законодательства с международным законодательством, также о применении института медиации в досудебном производстве можно сказать о низком количестве практического применения медиативных процедур, о стабильности объема нагрузки материалов дел в судебной системе и неэффективности самого законодательства в Казахстане.

Основной целью исследования является выработка эффективных мер по применению альтернативных способов урегулирования конфликта в Казахстане путем сравнительного анализа международного практического опыта применения медиативных процедур в досудебном производстве. Данное исследование направлено на совершенствование национального законодательства и повышения эффективности применения института медиации в досудебном производстве.

В качестве эмпирической базы задействованы статистические данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан, изучены материалы гражданских и уголовных дел. В данной статье рассматриваются основные положения принятого 28 января 2011 года №401- IV закона РК «О медиации», а также Конвенция «Организации Объединенных Наций о международных мировых соглашениях, достигнутых в результате медиации» принятая 2018 году 20 декабря и внутреннее законодательство зарубежных стран. В результате проведенного исследования авторы предлагают различные подходы к истолкованию способов урегулирования споров (конфликта) в досудебном производстве, что позволит снизить нагрузку объема движения материалов уголовных и гражданских дел с судебной системы Казахстана и повысить эффективность применения медиативных процедур.

**Ключевые слова:** институт медиации, медиативное соглашение, судебная система, альтернативное решение спора, конфликт, уголовное судопроизводство, гражданское судопроизводство.

**Ye.Daurembekov, Yu. Drokin, R. Tleukhan**

<sup>1,2,3</sup>*Eurasian humanitarian institute named after A.K. Kusainov.*

*(e.daurembekov@mail.ru, drokinjurij@rambler.ru, ramazan@tleukhan.com)*

### **International experience in the application of mediation procedures in the field of dispute (conflict) resolution in pre-trial proceedings**

**Abstract:** The article examines alternative methods of dispute (conflict) resolution through the use of mediation procedures in pre-trial proceedings, and also studies the experience of foreign countries in the practical application of this institution when a conflict arises between the parties in civil and criminal proceedings. Studying the current state of the materials of court cases in every way makes one think about the need to reduce the workload of judges and the judicial system as a whole. Considering the international experience of using mediation procedures in countries such as Great Britain, Germany and Italy, the question of the effectiveness of using the institution of mediation in pre-trial proceedings is surprising. The article under consideration examines not only the international practical experience of using mediation procedures, but also the settlement of disputes at the legislative level in the field of mediation in foreign countries. Based on the conducted comprehensive comparative analysis of national legislation with international legislation, as well as on the application of the institution of mediation in pre-trial proceedings, it can be said that the number of practical applications of mediation procedures is low, on the stability of the caseload in the judicial system and the ineffectiveness of the legislation itself in Kazakhstan.

The main objective of the study is to develop effective measures for the application of alternative methods of conflict resolution in Kazakhstan through a comparative analysis of international practical experience in the application of mediation procedures in pre-trial proceedings. This study is aimed at improving national legislation and increasing the effectiveness of the use of the institution of mediation in pre-trial proceedings.

The empirical base used was statistical data from the Committee on Legal Statistics and Special Records of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, and materials from civil and criminal cases were studied. This article examines the main provisions of the Law of the Republic of Kazakhstan "On Mediation" adopted on January 28, 2011, No. 401-IV, as well as the United Nations Convention on International Settlement Agreements Reached through Mediation adopted on December 20, 2018, and the domestic legislation of foreign countries. As a result of the conducted research, the authors propose various approaches to the interpretation of methods of dispute resolution (conflict) in pre-trial proceedings, which will reduce the burden of the volume of movement of materials of criminal and civil cases from the judicial system of Kazakhstan and increase the effectiveness of the use of mediation procedures.

**Keywords:** institute of mediation, mediation agreement, judicial system, alternative dispute resolution, conflict, criminal proceedings, civil proceedings.

## References

1. Otchet komiteta pravovoj statistike i special'nym uchetam General'noj prokuratury Respubliki Kazakhstan // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators/criminal>. (data obrashcheniya: 01.05.2025)
2. Zakon Respubliki Kazahstan ot 28 janvarja 2011 goda № 401-IV «O mediacii» (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 22.01.2025 g. // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30927376&pos=54;71#pos=54;71](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30927376&pos=54;71#pos=54;71). (data obrashcheniya: 01.05.2025)
3. 2021 zhyly 15 qazandary №674 «Qazaqstan Respublikasynyń qyқықтық sajasatynyń 2030 zhylға dejingi tyzhyrymdamasyn bekıtu turaly» QR Prezidentiniń Zharlyғы /<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>. (etinish bergen kyni: 13.05.2025)
4. Otchet vzaimnoj ocenki po POD/FT / <https://eurasiangroup.org/ru/mutual-evaluation-reports>. (data obrashcheniya: 01.05.2025)
5. Konvencija Organizacii Ob#edinennyh Nacij o mezhdunarodnyh mirovyh soglashenijah, dostignutyh v rezul'tate mediacii ot 20.12.2018g. // chrome-extension://efaidnbmnnnibpcajpcglclefndmkaj/<https://www.acerislaw.com/wp-content/uploads/2020/12/2018-Singapore-Convention-on-Mediation-Russian.pdf>.
6. Mihel' D.E. Istorija razvitija sposobov al'ternativnogo razreshenija sporov v Evrope // Aktual'nye problemy sovremennoj juridicheskoy nauki i praktiki : materialy Mezhdunar. nauch.-prakt. konf. 25–26 maja 2012 g. Rostov n/D., 2012. S. 11–15.
7. Arhipkina A.S. Institut mediacii v sovremennom prave // Sibirskij juridicheskij vestnik. – 2011. - №1. – 167.
8. Kalshabaeva M.Zh., Sartayev S.A., Tauyekelov N.B. A biy's court and a council of elders as a historical prerequisite for mediation in Kazakhstan // BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. Vol. 148 No. 3 (2024) <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/view/290/210>.
9. Tleuhan R. «Nekotorye voprosy razvitija mediacii v Kazahstane»: Uchebnoe posobie. Tleuhan R. – Karaganda: TOO «Tipografija Arko», 2016. -150 str.
10. 2019 god 02 avgusta №85 Ukaz Prezidenta RK «O podpisanii Konvencii Organizacii Ob#edinennyh Nacij o mezhdunarodnyh mirovyh soglashenijah, dostignutyh v rezul'tate mediacii» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1900000085>. (data obrashcheniya: 01.05.2025)

11. Van den Oever V. Linksom of rechtsom: de gerechtsdeurwaarder als mediator // Gerechtsdeurwaarder, 2010. № 2. P. 9. URL: [http://www.public-i-writers.nl/uploads/Gerechtsdeurwaarder\\_nr2\\_2eproef.pdf](http://www.public-i-writers.nl/uploads/Gerechtsdeurwaarder_nr2_2eproef.pdf)(data obrashcheniya: 01.05.2025)
12. Sivak N. Uproshhennoe proizvodstvo v anglijskom grazhdanskom processe // Arbitrazhnyj i grazhdanskij process. – 2008. -№8
13. Hudojkina T.V., Bryzhinskij A.A. Problemy i perspektivy razvitija mediacii // Pravovaja politika i zhizn', 2011. № 3. S. 109 – 115
14. Francija. Sovremennoe sostojanie mediacii i kommunikativnye tradicii v hode peregovorov // <httpswww.solismediation.rutpostuue16ckux1-frantsiya-sovremennoe-sostoyanie-mediats>
15. Mediationsgesetz vom 21. Juli 2012. BGBl. I. S. 1577
16. Kalshabaeva M.Zh., Sartaev S.A., Abdykadyr U. Osobennosti razvitija mediacii v Respublike Kazahstan: sravnitel'no-pravovoj analiz// BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Law Series. Vol. No 3(144)/2023. <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/view/77/108> (data obrashcheniya: 01.05.2025)
17. Hvalygina N.L. Primenenie instituta mediacii v sfere grazhdanskoj jurisdikcii v Rossii. 2014. №1. S.108-111.

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Даурембеков Е.К.** – PhD докторы, А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, 010009, Астана, Қазақстан

**Дрокин Ю.Н.** – А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, заң пәндері кафедрасының доценті, 010009, Астана, Қазақстан

**Тлеухан Р.К.** – А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, заң пәндері кафедрасының профессоры, 010009, Астана, Қазақстан

**Даурембеков Е.К.** – доктор PhD, старший преподаватель кафедры юридических дисциплин Евразийского гуманитарного института им. А.К. Кусаинова, 010009, Астана, Казахстан

**Дрокин Ю.Н.** – доцент кафедры юридических дисциплин Евразийского гуманитарного института им. А.К. Кусаинова, 010009, Астана, Казахстан

**Тлеухан Р.К.** – профессор кафедры юридических дисциплин Евразийского гуманитарного института им. А.К. Кусаинова, 010009, Астана, Казахстан

**Daurembekov Ye.** – PhD, Senior lecturer, department of legal disciplines Eurasian humanitarian institute named after A.K. Kusainov, 010009, Astana, Kazakhstan.

**Drokin Yu.** – associate professor of the department of legal disciplines of the Eurasian humanitarian institute named after A.K. Kusainov, 010009, Astana, Kazakhstan.

**Tleukhan R.** – professor of the department of legal disciplines of the Eurasian humanitarian institute named after A.K. Kusainov, 010009, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).